



«Келісілген»/ «Согласовано»
Заместитель директора по ВР
Трифоновва Э.С. 

«Бекітемін»/ «Утверждаю»
Мектеп директоры/ Директор
КГУ «ОИ с.Исаковка»
Байсеитова Г.С. 



Тақырыптық-күнтізбелік жоспар
Календарно-тематический план кружка
«Тоғыз құмалақ»
(3 класс)

Жетекшісі: Сердалина С.Б.

**«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі
Исаковка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

2022-2023 оқу жылы

Түсінік хат

Тоғызқұмалақ – қазақта кең тараған, өте қызықты, ойлы ойын. Қаратау қазбаларының арасынан табылған тас «қазан» осы тоғызқұмалақты еске салады. Бұл ойын Қызғызстанда, Монголияда, Қарақалпақстанда, Өзбекстан қазақтарның арасында, алыс шетел қазақстанның арасында қатты дамыған.

Бұл бас шынықтыратын ойынды біздің ұлттық «шахматымыз» десе болғандай. 162 таспен ойналатын осы бір ойлы ойынның жоғалып кетпеуіне кезінде академик-жазушы Мұхтар Әуезов, халық артисі Қалибек Қуанышбаев, техника ғылымының кандидаты М. Ибраев пен шахматшы Е. Браундардың сіңірген еңбектері өте зор.

Тоғызқұмалақтан алғашқы республикалық жарыс 1948 жылы өткізіліп, жарысқа халық ойынының шеберлері Абайдың немересі Ысқақов (Семей), Аңдамас Жөкеев (Қарағанды), Оспан Қаржауов (Семей), Шорман Өтегенов (Жамбыл) сияқты тоғызқұмалақшылар қатысты.

Республиканың тұңғыш чемпионы Ш.Өтегенов болды. 1948-1960 жылдар аралығында Қазақстан аймағында көптеген біріншіліктер өтті. Осы кезеңдерде қатарынан алты жыл бойы Жамбыл облысының өкілі Рахымбай Ахмамбетов бірінші орынды жеңіп алып отырды. Кейін көп жылдар бойы бірінші орынды В. Поляков пен Қасымов алма кезек жеңіп алып отырды.

Халқымыздың кемеңгер ақыны Абай кезінде тоғызқұмалақтың аса шебер ойыншысы болған.

Қазіргі таңда республикада оның жеке қауымдастығы бар, облыс орталықтарында тоғыз-құмалақты үйренемін деушілерге қауымдастықтың бөлімшелері мен үйірмелері ашылған. Бүгінде Қазақстанда осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғыз-құмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вице-президенті Сардар Шәріпов пен «Таңғажайып тоғыз-құмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаев деген азаматтардың есімін атау тұрарлық.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғыз-құмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғыз-құмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгі таңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғыз-құмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді.

«Тоғызқұмалақ » үйірмесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Р/С	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1	Тоғызқұмалақ ойынының қағидасы, заңдылықтары, сөздігі	1		
2	Тоғызқұмалақ ойынының ережелері, ойынның сипаты, мақсаты.	1		
3	Тұздық жариялау	1		
4	Атсырау жағдайы	1		
5	Жазып ойнау тәртібі	1		
6	Ойын сабағы	1		
7	Құмалақтарды өрістете білу	1		
8	Тактикалық тәсілдер . Комбинация құрау	1		
9	Жүрістердің санын есептеу жолдары	1		
10	Жүрістердің дәлдігін есептеу жолдары	1		
11	Этюдтерді шешу	1		
12	Ойын ортасы. Ойынның соңы	1		
13	Қандықақпан бастамасы	1		
14	Арт отауынан жүріп қорғану жүйесі	1		
15	Отауларға шабуыл жасау	1		
16	Комбинация жасау	1		
17	Бел бастамасы. Беласар бастамасы	1		
18	Тектұрмас бастамасы. Көкмойын бастамасы	1		
19	Маңдай және арт бастамасы	1		
20	Қандықақпан бастамасы	1		
21	Тоғызқұмалақ әліппесі	1		
22	Жазу тәртібі	1		
23	Тоғызқұмалақ атауларының аттары	1		
24	Тұздық бағалау көрсеткіші	1		
25	Ойын бастамалары	1		
26	Ойын ортасы	1		

27	Ойын соңы	1		
28	Тоғызқұмалақ этюдтері	1		
29	Құрал жабдықтар	1		
30	Ойынды жазу тәртібі	1		
31	Тұздық алу ережесі	1		
32	Аттас отаулардан тұздықтың алынбауы	1		
33-34	Тұздықтың ойында бір рет алынуы	2		
35-36	Атсырау ұшыраған ойыншының қарсыласы қосымша қандай жүріс жасайды	2		